

Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне атом энергиясын пайдалану мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 2016 жылғы 12 қаңтардағы № 443-V ҚРЗ

1-бап. Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер мен т о л ы қ т ы р у л а р е н г і з і л с і н :

1. 2007 жылғы 9 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., № 1, 1-құжат; № 20, 152-құжат; 2008 ж., № 21, 97-құжат; № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 11-12, 55-құжат; № 18, 84 -құжат; № 23, 100-құжат; 2010 ж., № 1-2, 5-құжат; № 5, 23-құжат; № 24, 146-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 3, 7-құжаттар; № 5, 43-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; № 16, 129-құжат; № 21, 161-құжат; 2012 ж., № 3, 27-құжат; № 8, 64-құжат; № 14, 92, 95-құжаттар; № 15, 97-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 9, 51-құжат; № 12, 57-құжат ; № 14, 72, 75-құжаттар; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 2, 10-құжат; № 7, 37-құжат; № 10, 52-құжат; № 12, 82-құжат; № 14, 84-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 21, 122-құжат; № 23 , 143-құжат; № 24, 145-құжат; 2015 ж., № 8, 42-құжат; № 11, 57-құжат; 2015 жылғы 3 қарашада «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кәсіпкерлік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2015 жылғы 29 қазандығы Қазақстан Республикасының Заңы; 2015 жылғы 3 қарашада «Егемен Қазақстан» және « Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сот төрелігі жүйесін жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2015 жылғы 31 қазандығы Қазақстан Республикасының Заңы; 2015 жылғы 19 қарашада «Егемен Қазақстан» және « Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ақпаратқа қол жеткізу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2015 жылғы 16 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы; 2015 жылғы 20 қарашада «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне индустримальық-инновациялық саясат мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2015 жылғы 17 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы; 2015 жылғы 26 қарашада «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ақпараттандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2015 жылғы 24 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы);

1) мазмұндағы 39-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«39-тарау. Радиоактивті материалдарды, атом энергиясын пайдалануға және радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қойылатын экологиялық талаптар»;

2) 39-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«39-тарау. Радиоактивті материалдарды, атом энергиясын пайдалануға және радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қойылатын экологиялық талаптар»;

3) 270-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Қазақстан Республикасына радиоактивті материалдарды, радиациялық қауіпсіздік нормаларында белгіленген, құрамында алып қою деңгейлерінен жоғары радиоактивті заттар бар жартылай фабрикаттарды, шикізатты, жинақтаушы бүйымдарды әкелу Қазақстан Республикасының экспорттық бақылау саласындағы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады және Қазақстан Республикасының атом энергиясын пайдалану саласындағы заңнамасына сәйкес ядролық материалдар мен иондандыруышы сәулелену көздерінің мемлекеттік есебіне алынуға жатады.».

2. «Халықтың радиациялық қауіпсіздігі туралы» 1998 жылғы 23 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., №5-6, 48-құжат; 2004 ж., №23, 142-құжат; 2006 ж., №24, 148-құжат; 2011 ж., №1, 2, 7-құжаттар; №11, 102-құжат; 2013 ж., №14, 75-құжат; 2014 ж., №1, 4-құжат; №19-I, 19-II, 9 6 - құжат) :

1) 1 - б а п т а :

алтыншы абзац мынадай редакцияда жазылсын: «пайдаланушы ұйым – атом энергиясы пайдаланылатын объектілермен жұмыс істей жөніндегі қызметті жүзеге асыратын заңды тұлға;»;

мынадай мазмұндағы жетінші абзацпен толықтырылсын: «персонал – иондандыруышы сәулелену көздерімен тұрақты немесе уақытша жұмыс істейтін немесе еңбек жағдайлары бойынша олардың әсер ету аясында болатын жеке тұлғалар; » ;

2) 8-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«8-бап. Радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге өндірістік бақылау

1. Пайдаланушы ұйымдар радиациялық қорғау сапасының қамтамасыз етілуіне өндірістік бақылау жүргізеді.

2. Радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы өндірістік бақылауды орындау тәртібі әрбір пайдаланушы ұйым үшін ол орындаитын жұмыстардың ерекшеліктері мен жағдайлары ескеріле отырып айқындалады, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органмен келісіледі және оны атом энергиясын пайдалану саласындағы уәкілетті мемлекеттік органдар бекітеді.

3. Пайдаланушы ұйымның радиациялық қорғаудың қамтамасыз етілуіне өндірістік бақылауды жүзеге асыратын лауазымды адамдары радиациялық қауіпсіздік талаптарының, санитариялық қағидалар мен гигиеналық нормативтердің, радиациялық

қауіпсіздік қағидаларының, құрылым нормалары мен қағидаларының, еңбекті қорғау қағидаларының, радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы өкімдік, нұсқаулық, әдістемелік және өзге де құжаттардың бұзылуы анықталған кезде Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген ықпал ету шараларын қолданады.»;

3) 9-баптың 1-тармағы және 2-тармағының бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласында жоспарлау және шешімдер қабылдау, олардың тиімділігін талдау кезінде мемлекеттік органдар, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары, пайдаланушы үйымдар радиациялық қауіпсіздік талаптарын, радиациялық қауіпсіздік саласындағы санитариялық қағидалар мен гигиеналық нормативтерді қамтамасыз ету мақсатында радиациялық қауіпсіздікті бағалауды жүргізеді.

2. Радиациялық қауіпсіздікті бағалауды халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік орган, қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган және атом энергиясын пайдалану саласындағы уәкілетті мемлекеттік орған:»;

4) 10-баптың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:
«Пайдалануши ұйымдар:»;

5) 14-баптағы «уәкілетті мемлекеттік орган» деген сөздер «мемлекеттік орган» деген сөздермен аудастырылсын;

6) 15-баптағы «Қазақстан Республикасындағы төтенше жағдайлар туралы заңдарға» деген сөздер «Қазақстан Республикасының азаматтық қорғау туралы заңнамасына» деген сөздермен аудастырылсын;

7) 16-баптың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:
«Пайдалануши ұйымдарда:»;
8) 17-бапта:
тақырып және бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«17-бап. Пайдаланушы үйымдардың радиациялық авария кезінде радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі міндеттері

Пайдалануши ұйым радиациялық авария жағдайында:»;
үшінші абзацтағы «мемлекеттік уәкілетті» деген сөздер «уәкілетті мемлекеттік» деген сөздермен аудастырылсын;

жетінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:
«радиациялық авария жойылғаннан кейін пайдаланушы ұйым аумағында радиациялық жағдайды қалпына келтіру жөнінде шаралар қабылдауға;»;

9) 19, 20, 22 және 23-баптар мынадай редакцияда жазылсын:
«19-бап. Радиациялық қауіпсіздік құқығы

Қазақстан Республикасы азаматтарының, Қазақстан Республикасының аумағында тұратын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың радиациялық қауіпсіздікке

құқығы бар. Бұл құқық иондандыруышы сәулеленудің адам организміне белгіленген нормалардан жоғары радиациялық әсер етуіне жол бермеу жөніндегі іс-шаралар кешенін жүргізумен, сондай-ақ жеке тұлғалардың және пайдаланушы ұйымдардың радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі талаптарды орындаумен қ а м т а м а с ы з

е т і л е д і .

20-бап. Ақпарат алу құқығы

Жеке және заңды тұлғалардың уәкілетті мемлекеттік органдар мен бұқаралық ақпарат құралдары арқылы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласында ақпарат алуға құқығы бар.»;

«22-бап. Қазақстан Республикасы азаматтарының, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы міндеттері

Қазақстан Республикасының азаматтары, Қазақстан Республикасының аумағында тұратын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар Қазақстан Республикасының радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы заңнамасын сақтауға міндетті.

Пайдаланушы ұйымның аумағында аталған адамдар осы ұйымныңлауазымды адамдарының талаптарын орындауға міндетті.

23-бап. Қазақстан Республикасының радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы заңнамасын бұзғаны үшін жауаптылық

Қазақстан Республикасының радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы заңнамасын бұзы Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылық қа а л ы п к е л е д і .».

3. «Мемлекеттік құпиялар туралы» 1999 жылғы 15 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., №4, 102-құжат; 2001 ж., №8, 53-құжат; 2002 ж., №15, 147-құжат; 2004 ж., №6, 41-құжат; 2007 ж., №2, 18-құжат; №9, 67-құжат; №20, 152-құжат; 2009 ж., №24, 122, 128-құжаттар; 2010 ж., №3-4, 11-құжат; №7, 32-құжат; 2011 ж., №1, 7-құжат; №11, 102-құжат; №12, 111-құжат; 2012 ж., №8, 63-құжат; 2013 ж., №14, 72, 75-құжаттар; 2014 ж., №1, 4-құжат; №10, 52-құжат; №21, 122-құжат; 2015 жылғы 19 қарашада «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ақпаратқа қол жеткізу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2015 жылғы 16 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы; 2015 жылғы 26 қарашада «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ақпараттандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2015 жылғы 24 қарашадағы Қазақстан Республикасының

З а н ы) :

12-баптың 35) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«35) Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттардың күші қолданылатын және олармен алмасу көзделетін мәліметтер мен ашық көздерден немесе

оларға еркін қол жеткізу арқылы алынуы мүмкін мәліметтерді қоспағанда, ядролық материалдар мен ядролық қондырғыларды физикалық қорғауды қамтамасыз ету туралы мәліметтер;».

4. «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» 2014 жылғы 16 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2014 ж., № 9, 51-құжат; № 19-І, 19-ІІ, 96-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 2, 3-құжат; № 8, 45-құжат; № 9, 46-құжат; № 11, 57-құжат; № 16, 79-құжат; 2015 жылғы 30 қазанды «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сәулет, қала құрылышы және құрылыш қызметі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2015 жылғы 28 қазандығы Қазақстан Республикасының Заңы; 2015 жылғы 3 қарашада «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кәсіпкерлік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2015 жылғы 29 қазандығы Қазақстан Республикасының Заңы; 2015 жылғы 14 қарашада «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзін-өзі реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2015 жылғы 12 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы; 2015 жылғы 18 қарашада «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2015 жылғы 13 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы; 2015 жылғы 20 қарашада «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне индустриялық-инновациялық саясат мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2015 жылғы 17 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы; 2015 жылғы 20 қарашада «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2015 жылғы 17 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы; 2015 жылғы 26 қарашада «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ақпараттандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2015 жылғы 24 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы; 2015 жылғы 26 қарашада «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне халықтың көші-қоны және жұмыспен қамтылуы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2015 жылғы 24 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы; 2015 жылғы 27 қарашада «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір

заңнамалық актілеріне екінші деңгейдегі банктердің жұмыс істемейтін кредиттері мен активтері, қаржылық қызметтер көрсету және қаржы ұйымдары мен Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қызметі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2015 жылғы 24 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы; 2015 жылғы 5 желтоқсанда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне салық салу және кедендік әкімшілендіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2015 жылғы 3 желтоқсандағы Қазақстан Р е с п у б л и к а с ы н ы ң З а ң ы) :

36-баптың 5-тармағының бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Атом энергиясын пайдалану саласындағы қызметпен айналысу құқығына лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны берудің ерекше шарттары «Атом энергиясын пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының Заңында айқындалады.».

2-бап. Осы Заң алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан

Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

Н.Назарбаев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК